

**Тапсырма 1. Python тілінде программалау тілінде кездесетін
функциялар мен әдістер атын кіші әріппен жазыңыз**

деректерді программаға енгізетін функция

деректерді экранға шығаратын функция

жолды тізімге түрлендіру үшін қолданатын әдіс

сандар тізімін оқып отырып, оны бірден бүтін санға
түрлендіру үшін қолданылатын функция

print() функциясын қолданғанда айнымалылардың
арасын ажырататын символды көрсететін әдіс

print() функциясын қолданғанда жолды келесі қатарға
өтумен аяқтайтын әдіс

**Тапсырма 2. Төменде берілген программа кодының
орындалуы барысында шығатын нәтижелерді жазып көрсетіңіз**

1) 14 және 7 мәнін берген жағдайда шығатын мәндерді
жазып көрсет

```
G = int (input())  
D = int (input())  
print (G * D, G + D, G - D, sep ='1212')
```

2) 15 және 8 мәнін берген жағдайда шығатын мәндерді
жазып көрсет

```
S = int (input())  
L= int (input())  
print (S+ L, end =' ')  
print (S * L, end =' uuu45')
```

3) 20 және 10 мәнін берген жағдайда шығатын мәндерді
жазып көрсет

```
P = int (input())  
K = int (input())  
print (P+K, end ='\\n')  
print (P*K, end =' s!!!')
```